

Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы мәслихаттың 2008 жылғы 31 наурыздағы N 6-10 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 10 сәуірде N 7-1-86 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 15-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2009.03.31 N 15-10 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, 47 бабы 4 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 6 бабының 4) тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Орал қаласындағы білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жүруге жеңілдік берілсін.

2. Орал қаласының 2008 жылға арналған бюджетінен Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру" 100 кіші бағдарламасы, "Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қолдау" 6.02.464.008. бағдарламасы бойынша 114 052 (жүз он төрт миллион елу екі) мың теңге сомасында қаржы бөлу қамтамасыз етілсін.

3. Орал қаласының әкімдігіне осы шешімді жүзеге асыру бойынша шаралар қ а б ы л д а у ұ с ы н ы л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік мәселелер мен жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссияға (А. П. Наугольнов) жүктелсін.

5. Осы шешім оның ресми жарияланған күнінен қолданысқа енеді.

*Орал қалалық мәслихатының кезекті
6-шы сессиясының төрағасы
Орал қалалық мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК